




ДОСТЫҚ ӘЗІМДЕР

Жерлесіміз - академик, ғылым докторы, профессор, Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің ректоры **ЕРЛАН БӘТТӘШҰЛЫ СЫДЫҚОВҚА**

Ректор болған 30 жыл, ректорлардың ірісі! Азаматтығына жарасар тұрғысы мен жүрісі! Ініге қамқор әрқашан, ағаның жолын көспеген, Жастарға үлгі Ерланның ізеттілік әр ісі. Ақыл керек пе, нақыл керек пе? Ерекеңмен кеңес демек те! Бірің көкте қалықта, Бірің жерде шалықта. Алтын адам Ерекең Жүретін бір қалыпта.



2025 жылғы әдебиет пен мәдениет саласындағы ҚР Президенті сыйлығының лауреаты, Жылан жылы 75 жасын тойлаған ақын **ТӨЛЕГЕН ЖАНҒАЛИЕВҚА**



Ұнатпайды дабырды, Мінезі бар сабырлы. Еш асықпай жүріп-ақ, Ақын болды қарымды. Қарауылда жазған жыр Дүйім жұртқа жайылды “Парасатты” да ол алды. Стипендиат та боп алды Жырым жазған көркем сөз Туынды болды алымды

Кәсіпкер, меценат, «TAS GROUP» компаниялар тобының негізін қалаушы және басқарушысы, «ASSYLTA» қоғамдық қорының құрылтайшысы - **ДУЛАТ ТҰРСЫНҰЛЫ ТАСТЕКЕЙГЕ**

Нұрлы жүзбен шуақ шашқан маңайға, Өнегесі үлгі болған талайға. Туған жерге қамқор болып әрдайым, Азамат боп бедел жинау оңай ма?



Қуанышқа толсын әр кез үйіңіз, «Алғыс» деген «коллекция» жиыңыз. Қуаныштың қызығына бөленіп, Арта берсін әрқашан да сыйыңыз!

Көкпекті ауданының әкімі **НҰРБЕК ТҰРСЫНХАНҰЛЫ ҚОШҚАРБАЕВҚА**



Бір жыл деген әкім үшін аз мерзім-ау бірақ та, Халқыңа да үлгермедің қызмет етіп, ұнап та. Бөденеде су құбырын қоспай кеттің, шіркін-ай, “Қосам” деген әдемі бір уәдең қалды құлақта.

Әр желтоқсан қызметіңді ауыстырып, ерледің, Азаматсың, тілекшіміз, өсе бергін, өрлегін. Тек бір тілек: көмектілік көмек күткен халыққа Бостан-босқа үміт сыйлап, артық уәде бермегін!

Абай облысы мәслихатының депутаты, Ақсуаттағы «Мәуліт» шаруа қожалығының басшысы **ҚАЙЫРЛЫ АМАНГЕЛДІҰЛЫ ҚАСЕНОВКЕ**

Ақсуаттан қыран болып самғаған, Сан жылдарын кәсіпкерлікке арнаған. Екпіндінің еңбексүйгіш бір ұлы Қайырлыға жететұғын бар ма адам. Облыста танымайды Сізді кім?! Біледі жұрт өз ісінің үздігін. «AMANAT-тан» депутат боп сайланып, Қолға алды саясаттың тізгінін.



Құстар азайып барады

Орнитологтардың айтуынша, әлемде құс саны азайып барады. Құстардың сиреуіне себеп көп. Ең алдымен адамның табиғатқа деген жауапсыз көзқарасы әсер етуде. Жерді пайдалану, жасыл желектің азаюы тікелей әсер етеді. Сол сияқты көп қабатты үйлердің көбеюінен құстарға ұя салатын орын азайды. Қорек табу да қиындады.

Ауыл шаруашылығында кеңінен қолданылатын химиялық заттар да құстарға үлкен зиян келтіреді. Пестицидтер мен гербицидтер жәндіктерді жойып қана қоймай, сол жәндіктермен қоректенетін құстарды да улайды. Уланған құстар өлісіп, көбейе алмайды немесе жаппай қырылады. Бұл – табиғаттағы қорықтандыру факторы. Бұл – табиғаттағы қорықтандыру факторы.

Тағы бір маңызды себеп – құстардың табиғи мекендерінің жойылуы. Ормандардың оталуы, өзен-көлдердің тартылуы мен балықтың құрғауы құстардың ұя салатын, қорек табатын ортасын тартылып жіберді. Әсіресе су құстары үшін бұл өте қауіпті.

Климаттың өзгеруі де құстар санына тікелей әсер етуде. Қуаңшылықтың жиі болуы, ауа райының күрт құбыры, жауын-шашын мөлшерінің өзгеруі құстардың көшу бағытын бұзып, ұя салу мерзімін өзгертіп жіберді. Соның салдарынан көптеген құс түрлері жаңа ортаға бейімделе алмай, жойылу қаупіне ұшырауда. Сонымен қатар заманауи инфрақұрылым да құстар

үшін үлкен қатерге айналды. Жоғары кернеулі электр желілері, байланыс мұнаралары мен әйнек ғимараттар мыңдаған құстың қырылуына себеп болып отыр. Түнде жарыққа ұмтылған құстар ғимараттарға соғылып, мерт болады.

Құстардың азаюы табиғаттағы тепе-теңдіктің бұзылуына әкеледі. Мысалы, торғай мен басқа да жәндікқоректі құстар азайса, шегіртке, қоңыз секілді зиянкестер күрт көбейіп, егінге зиян келтіреді. Бұл – тарихта дәлелденген шындық. Табиғаттағы бір буынның жойылуы тұтас жүйенің күйреуіне әкеліп соқтырады.

Табиғи тепе-теңдіктің бұзылуы түптің түбінде үлкен апатқа алып келетіні анық. Құстарды қорғау – бүкіл қоғамның ортақ міндеті. Табиғатты аялау, аңшылық мәдениетін қалыптастыру, химиялық заттарды шектен тыс қолданбау, жасыл аймақтарды сақтау – құстар санын көбейтудің басты жолдары. Құсты қорғау арқылы біз өз болашағымызды қорғаймыз.

Қытай елінде болған аса ауыр тарихи оқиғаны еске сала кетсек, 1957 жылы ҚХР басшысы Мао Цзэдун КСРО-ны экономикалық даму жағынан басып озу мажаратын «Үлкен секіріс» бағдарламасын жариялады. Астық өндіруде КСРО-дан озып шығу үшін ҚХР Халық ағарту министрінің біріңш орынбасары, белгілі биолог-ғалым Чжау Цзянь егінің басты жауы ретінде торғайларды жоюды ұсынды. Бұл ұсыныс ел бас-

шылығы тарапынан толық қолдау тауып, «Үлкен секіріс» бағдарламасының бір бағытына айналды. 1958 жылғы 12 қаңда Мао Цзэдун ел аумағындағы барлық торғай мен ұсақ құстарды жою туралы тарихи жарлыққа қол қойды. Осыдан кейін бүкіл Қытай халқы «Ұлы Мао жасасын!» деген ұранмен жаппай іске кірісті. Науқан барысында түрлі әдістер қолданылды. Адамдар бос темір ыдыстар мен шелектерді даңғырлатып, торғайлардың ағашқа қонуына мүмкіндік бермеді. Үздіксіз ұшудан қанаты талып, жерге құлаған торғайлар өлтіріліп отырды. Өлтірілген құстар бір жерге үйіліп, науқанның «табысты» жүріп жатқанын көрсету үшін баспасөз беттерінде жарияланды.

Бұл іске мектеп оқушылары да жаппай тартылды. Сабақтан арнайы босатылған балалар ағаш бұтақтан жасалған «рогаткалармен» торғайларды мыңдап қыра бастады. Мөрген оқушылар Құрмет грамоталарымен марапатталды, мекемелер мен мектептер арасында жарыстар ұйымдастырылып, арнайы міндеттемелер қабылданды.

Тек Пекин мен Шанхай қалаларында науқанның алғашқы үш күнінде 1 миллион торғай өлтірілді. Ал бір жыл ішінде барлығы 2 миллиардқа жуық торғай, сарышымшық және басқа да ұсақ құстар қырылды. 1958 жылы бидай мен күріштен бұрын-соңды болмаған мол өнім жиналды. 1959 жылы да астық түсімі жоғары болды.

Алайда ел басшылығы бір қауіпті құбылысты жасырып қалды. Халық шегірткенің күрт көбейгенін байқап, үлкен апатты таяп келе жатқанын сезе бастады. 1960 жылы енді көктеп келе жатқан дөңді дақылдар мен жер бетіндегі жасыл шөптің бөріп шегірткелер жеп, жерді тақырлап тастады. Шегірткелер асырау көтерілгенде, күн көзін бұлт жапқандай көрінді. Қалалардағы жасыл желек пен ағаштарды жеп тауысып, кейін ормандарға ауыз салды. Құраған орман ағаштары желдің әсерінен құлап, елді мекендер құлазып қалды. 1960 жылғы апат аштық салдарынан 30 миллионға жуық адам қырылды. Жеуге жарайтын тышқан, кесіртке, жылан, ит пен мысық та қалмады. Қытай басшылығы тығырыққа тіреліп, КСРО-дан торғай мен сарышымшық секілді ұсақ құстарды жіберуді сұрауға мәжбүр болды. КСРО басшысы Н.С. Хрущев бұл өтінішке таңғалғанымен, достық қарым-қатынасты сақтап, ондаған вагон құсты Қытайға жөнелтті. Кейін бұл да жеткіліксіз болып, Қытай Канададан да көмек сұрады.

РЕДАКЦИЯ ПОШТАСЫНАН

Бесқарағай ауданының дамуына, ауыл шаруашылығы мен ветеринария саласының өркендеуіне өзіндік үлесін қосқан азаматтардың бірі – Қабі Ақашұлы Нұрғожиң. Қырық жылға жуық уақыт ел игілігі жолында адал еңбек еткен білікті маман бүгінде көптің құрметіне бөленіп, өнегелі өмір жолымен кейінгі буынға үлгі болып отыр.

ЕҢБЕГІМЕН ЕЛГЕ ҮЛГІ

Қабі Ақашұлы 1956 жылы Бесқарағай ауданына қарасты Березовка ауылында дүниеге келген. 1974 жылы туған ауылындағы орта мектепті ойдағыдай тамамдап, әскер қатарына аттанады. Азаматтық борышын абыроймен өтеп келген соң Семей зооветеринарлық институтына түсіп, мал дәрігері мамандығын алып шықты. Жас маман еңбек жолын 1982 жылы «Қанонерка» совхозында мал дәрігері болып бастады. Ауыл шаруашылығы саласының қиындығы мен жауапкершілігін терең түсінген ол бар күш-жігерін сарп ете еңбек етіп, қысқа уақыт ішінде өз ісінің шөбері ретінде танылды. 1984 жылға дейін осы совхозда қызмет атқарып, мал ауруларының алдын алу, шаруашылықтағы мал басын сақтау жолында тынымсыз еңбек етті.

Кейінгі жылдары аудан көлеміндегі ірі шаруашылықтар мен мемлекеттік құрылымдарда жауапты қызметтер атқарды. 1984–1987 жылдары «СССР-ға 50 жыл» колхозында аға мал дәрігері, 1987–1994 жылдары «Бесқарағай» совхозының бас мал дәрігері, 1994–1995 жылдары «Баймұратов» совхозында зоотехник қызметін атқарды. 1995–1996 жылдары 1995–1996 жылдары «Баймұратов» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің бас мал дәрігерінің міндетін атқарушы ретінде еңбек етті. 1996 жылдан бастап Қабі



Ақашұлының қызметі мемлекеттік ветеринариялық бақылау саласымен тығыз байланысты болды. 1996–1999 жылдары Мемлекеттік ветеринарлық бақылау басқармасының жетекші ветеринар дәрігері, 1999–2003 жылдары Ал 1999–

2003 жылдары «Бозтал» ветеринариялық бақылау бекетінің бас мал дәрігері ретінде өңірдегі ветеринариялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге еңбек сіңірді.

2003–2010 жылдары Оңтүстік-Шығыс аймақтық шекарадағы және көліктегі мемлекеттік ветеринариялық бақылау инспекциясының Шығыс Қазақстан облыстық басқармасына қарасты Қоянбай бекетінде бас маман-мемлекеттік ветеринариялық инспектор қызметін атқарды. Бұл – аса жауапты әрі қырағылықты талап ететін сала. Мемлекеттік шекара арқылы өтетін өнімдердің қауіпсіздігін қадағалау, әртүрлі індеттің елге енуінің алдын алу сынды маңызды міндеттерді абыроймен орындады.

Ал 2010–2020 жылдары Шығыс Қазақстан облыстық аумақтық инспекциясында мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау маманы ретінде еңбек етіп, бай тәжірибесін жас мамандарға үйретті. 2020 жылы зейнеткерлік демалысқа шыққанымен, ұйымдастырушылық қабілеті жоғары, үлкен беделге ие азамат қоғамдық өмірден қол үзген жоқ, округ пен аудан көлеміндегі түрлі бастамаларға белсене атсалысып келеді.

Қабі Ақашұлы - үш бала тәрбиелеп өсірген ардақты әке, бүгінде сегіз немеренің сүйікті атасы. Оның өмір жолы – өз кәсібіне адалдықтың, ел алдындағы жауапкершіліктің және маңдай термен келген абыройдың жарқын үлгісі.

Е.РАХМЕТУЛИН
Бесқарағай ауданы

Әже, оқып берші!

Түлкі мен қасқыр

(Ертегі)

Ертеде түлкі мен қасқыр айырылмас дос болыпты. Бір күн екеуі жортып келе жатып, жол үстінде жатқан бір кесек еттің үстінен шығыпты. Етті түлкінің де, қасқырдың да жегісі келеді. Қасқыр қасындағы түлкіге:

— Ал, сен жей ғой, достым, — депті жол беріп. Түлкі арсалаңдай күліп:

— Менің аузым ораза ғой, достым, білмеуші ме едің? Сен-ақ жей бер, — дейді. Қасқыр етті жемек болып, тұмсығын созады. Енді шетінен тістей бергенде, мойнын қақпан қауып алады. Ет бір шетке ұшып түседі. Түлкі етті қағып алып, қылғи салады. Мұны көріп тұрған қасқыр:

— Ей, достым-ау, сенің аузың ораза емес пе еді? — деп сұрайды. Түлкі қылмың қағып:

— Менің аузымдағы ораза ашылып, сенің мойныңа түсті ғой, — деп зыта жөнеліпті.



ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ

В.З.Ахметов жеке кәсіпкер «Абай облысы, Семей қаласы, Солтүстік өнеркәсіптік торап, № 3/1 мекенжайы бойынша қолданыстағы мұнай базасын кеңейту (жерасты резервуарларын орнату)» жұмыс жобасына қоршаған ортаны қорғау бөлімін қоғамдық талқылау түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізуде. Қоғамдық талқылаулар 16.01.2026 ж. - 22.01.2026 ж. аралығында <https://ndbecology.gov.kz/> сайтында өтеді. Ескертүүлەر мен ұсыныстарды беру үшін жобалық құжаттама пакетімен <https://ndbecology.gov.kz/> сайтында «Жарияланған қоғамдық талқылаулар» бөлімінде танысуға болады.

Жобаға тапсырыс беруші – В.З.Ахметов, жеке кәсіпкер, телефоны: 8 7222 333-80-45, 44-38-12.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Абай облысы Семей қаласының азаматтық істер жөніндегі ауданаралық сотына Митрофанова Галина Михайловна тарапынан 1959 жылдың 4 тамызында туған Митрофанов Юрий Анатольевичті қайтыс болды деп тану туралы өтініш түсті.

Митрофанов Юрий Анатольевичтің қай жерде жүргені туралы мәліметі бар адамдардан осы жөнінде Абай облысы Семей қаласының азаматтық істер жөніндегі ауданаралық сотына жарияланған күннен бастап үш ай ішінде хабарлауды сұрайды.

Мекенжайы: Семей қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 22, тел.: 8 708 0438 455.

«Семей таңы» газеті 1969 жылы «Құрмет белгісі» орденімен, 2009 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы грантымен марапатталған.



www.semeytany.kz

Директор –
Риза АСАНҚЫЗЫ
МОЛДАШЕВА

Бас редактор –
Роза ПУШПАҚОВА

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитеті берген қайта тіркеу куәлігі № КЗ49VPY00121173, 05.06.2025 ж.
Газет «АВАИ АИМАQ MEDIA» ЖШС компьютерлік орталығында теріліп және беттеліп, «Басып шығару баспасы» «Рекламный дайджест агенттігі» ЖШС (Ескімен қаласы, Абай даңғылы, 20) бастап орталығында объектілік әдіспен басатын шығады.
Индекс 06061. Тапсырыс 259. Бағасы келісімді.
Аптасына екі рет - сейсенбі, жұма күндері шығады.
Жарияланған мақалалардың авторлардың пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
Жарнама үшін жауапкершілік жарнама берушілердің құзырында.
Меншікті тілшілеріміз: Бороудилихада - 8 776 740 87 21, Бесқарағайда - 8 775 433 44 08.

Редакцияның мекенжайы: 18А5Н3, Семей қаласы, Қайым Мұхамедханов көшесі, 12. Тел.: Директордың қабалдау бөлмесі - 52-36-57; бас редактор - 52-04-75; редактордың орынбасары - 52-09-84; жарнама және баспасөзге жазылу бөлімі - 56-08-03; факс - 52-04-75; бухгалтерия - 52-38-32

ШЫҒАРЫЛЫМНЫҢ ТАРАЛЫМЫ 30 155



Кезекші редактор Роза ПУШПАҚОВА